

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

**"Айтыстың ақтаңгері" тақырыбындағы ғылыми жоба**ЖАРИЯЛАНДЫ  
25.01.2023СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/130162/>

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»

Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының  
ұйымдастыруымен «Туған жердің тұғырлы тұғырлы тұлғалары»

Тақырыбындағы ғылыми жоба байқауына

Жоба тақырыбы: «Айтыстың ақтаңгері»

Бағыты : Туған жердің құрметті азаматы, бейбіт өмірде еңбекқорлығымен елге үлгілі болған  
азаматтардың еңбек жолдарын ұрпаққа дәріптеу

Секциясы: тарих және өлкетану

Мектеп: №202 З.Жарқынбаев атындағы орта мектеп

Ғылыми жетекші: Каналхан Ермұрат

Жетекшісі: бастауыш сынып пәні мұғалімі: Нұралы Гүлнұр

2 сынып оқушысы : Қожахмет Медина

Жалағаш кенті

2022-2023 оқу жылы

**АННОТАЦИЯ**

**Тақырыбы : «Айтыстың ақтаңгері»**

**Тақырыптың мақсаты:** Туған жердің тұғырлы азаматтарын дәріптеу. Айтыс өнерінің қазақ мәдениетінде алатын орын ерекше екендігін дәріптеу. Айтыс өнерімен қоса алты алашқа аты шығып туған жерінің іргелі азаматы болып жүрген Ниязов Мұхтар ағамыздың сөз өнерін, суырып салма айтыскер ақындығын өскелең ұрпаққа дәріптеу.

**Тақырыптың міндеттері:**

— Мұхтар Ниязовтың өмірбаянына шолу жасау;  
-Мұхтар Ниязовтың шығармашылық жағын паш ету

-Мұхтар Ниязовтың қызмет жолындағы айқын мақсаттар мен жетістіктері

**Тақырыптың ғылыми жаңалығы :**Қазіргі қоғамда үлкен мәселелердің бірі - өскен өлкесінің танымал тұлғаларын дұрыс білмеу мәселелерін шешу жолдарын қарастыруға себепші болу. Осы жоба арқылы танымал тұлғалардың еңбек жолын біле отырып, оны дұрыс дәріптей алуын анықтау.

**Тақырыптың құрылымы:** Кіріспе, негізгі бөлім, қорытындысы, ұсыныс. пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады

**Кіріспе бөлім**

Айтыс — суырып салма, ат сүрінгенше сөз табатын тапқыр ақындардың сайысы. Сол қабілеттің біздің қанымызда бар екенін дәлелі ауданымыздың тұғырлы тұлғасы - Мұхтар Ниязов.

Ниязов Мұхтар Мәуленұлы — Жалағаш ауданың құрметті азаматы. Себебі аудан атын елімізге, елімізді түркі халқына айтыс мәдениеті арқылы танытып келеді. «Жақсының жақсылығын айт өрге бассын!» деген секілді осы зерттеу жұмысымды айтыскер ақын, Қызылорда обылысымыздың құрметті азаматы жайлы болмақшы. Бұл жобамды жалпылама тарқататын болсам;

-ақын ағамыздың өмір жолы, еңбегі қызметі жайында болады. Жеңіске жету жолында болған қызықты сәттері, қиыншылықтары жайлы сұхбаттасу.

-Қызмет жолында атқарған жұмыстары.

-Туған жерге деген отансүйгіштік жайлы сұхбаттасу. Өмірбаяны балалық шағының

қызықтары немен айналысты, айтысқа қалай келді. Айтыс өнерінің ақтаңгері атақты алу жолында еңбегі.

— Мәдениет саласындаға еңбектері ауданымыздың атын елге танытып жүрген шығармалары жайында

— Жалпы Жалағаш ауданымызды айтыс өнері арқылы атын шығарып танытып жүрген айтыстары жайлы болмақшы.

Туған жер - ауылым алтын бесігім. Оның адам өмірінде алатын орны ерекше, киелі ұғым. Туған жер, туған ел деген екі ғана сөзде қаншама мағына, қаншама ой жатыр десеңізші?! Туған жердің қадірін әр адам әрқалай түсінеді. Туған жер қадірі дүниедегі ең ұлы деген нәрсемен парапар. Себебі, ол - сенің әлпештеген анаң, аялап өсірген әкең, туған-туысың, аға-әпкең, сені білім жолына жетелеген ұстаздарың, сол білімге ұмтылу жолындағы тай-құлындай тебіскен жора-жолдастарың дүниеге келген жерің, қызыққа толы өткен балалық шағың, туған ауылың ауласы. Туған жер арқылы еліңнің өткені мен болашағын байланыстыра аласың. Нағыз балалық шақтан бастап адамзаттың отанына деген сезімі оянады.

Туған жерге деген сүйіспеншілік патриотизм сезімнің болуынан адамда өз бойына туған елге жерге қызмет ету мақматы тұратындай..

Еңбекпен жігерлілік арқасында мақсатқа жетуге болады.

*[Мұхтар Ниязовпен сұхбатта айтқан туған жер жайлы әңгімесінен]*

### Тақырыптың зерттелу деңгейі

Ниязов Мұхтар Мәуленұлы 1985 жылы 4 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданы бұрынғы Ақарық, қазіргі Есет батыр ауылында дүниеге келген. Кішкентайынан алғыр болды. 4 жасында әріп танып, 5 жасында оқып. №124 орта мектепке 1991 жылы бірінші сыныпқа келіп зеректігінің арқасында 3 сыныптан 5 сыныпқа аттап оқыды. Мінезі салмақты, ойын тиянақты айта алатын, бала болсада ересек адамдай ойлана алатын. Атасы марқұм Ниязов Арғынбайдың тәрбиесінде болған. Кітапқа құмар болған, атасының оқып отырған қисса дастандарын тыңдап, жаттап қайта айтып беретін. Сол кезден — ақ суырып салма ақындыққа бейімделе бастаған. Мектепті 2002 жылы бітірді.

Студент Мұхтар, 2003 жылы Қорқыт Ата Қызылорда мемлекеттік университетінің биология пәні мұғалімдігіне оқуға түсіп, көптеген іс-шараларға белесене ат салысып суырып салма ақындық өнерімен көзге көріне бастайды. Кейін қазақ тілі мен әдебиет кафедрасының меңгерушісі өз кафедрасына ауысуына ұсыныс жасап сол мамандық иегері болып шығады. 2004 жылы алғашқы жүлделі орынына ие болады.

Алты алаштың ардақты елге сүйкімкі, қадірлі азамты болу кез-келген азаматтың қолынан келе бермес. Бұл үлкен еңбекпен, отансүйгіштік сезіммен қайтпас қайсар мінездің, шыдамдылық сабырлық имандылықтың арқасында келетін нәтиже дәреже деп айтсам қателеспес едім. Мұхтар ағаның хронологиялық кезеңдеріне жылдармен сөйлейтін болсам.

- 2011-2013 жылдар аралығында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Мемлекет және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бітірді.
- 2018 жылы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің педагогика ғылымдарының магистрі дәрежесін оқып, қорғап шықты.
- 2009 жылдан бастап «Ақ сөйле» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.
- 2014-2016 жылдар аралығында Асқар Тоқмағанбетов мәдениет үйінде үйірме жетекшісі
- 2016-2019 жылдары Республикалық «Асыл арна» телеарнасында «Сүбелі сөз» бағдарламасы
- «Тәлім» телеарнасында «Бір дубль» бағдарламасында жүргізуші-редакторы қызметтерін атқарды.
- Қызылорда облыстық «Рухани жаңғыру» орталығында жауапты қызметтер атқарды.

Осы жылдар ағамыздың мәдениет саласындағы соның ішінде суырып салма айтыс өнерінде алатын орыны айқындала түсті.

- 2020 жылдың шілде айынан бастап Қызылорда қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы болды

Әр адамның өз саласына үздігі атағын алу үлкен құрмет.Өз саласында үздікке ену үшін де жауапкершілікті өз ісін нық, анық бастап сол істі нақты аяғына дейін жеткізе алуы.Міне осындай қасиет Мұхтар ағанында бойына білді.Сол қасиеттерін арқасында үздіктің үздігі атанды

- Бұл салада арманы мықты,бағыты нық мәдениет жолына жететін біршама үлкен істердің биігіне шығып «Мәдениет саласының үздігі» төс белгісіне ие болды 2021 жылы желтоқсан айында «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен наградталды

Мен зерттеу жұмысыма арқау болған Мұхтар ағаның атқарған қызметтері ұрпаққа үлгі-өнеге деп есептеймін.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.